

«Просто Бэк-офис» ЖШС (бұдан әрі - Просто Бэк-офис) және Аутсорсингтік компанияның Қызмет көрсету тарифтерінің тізімі (бұдан әрі - Тарифтер)

«КОМАНДА ПРЕМИУМ» тарифі

Қызметтер тізімі

- Бухгалтер:
 - операцияларды шектеусіз өңдеу;
 - бухгалтерлік және салық есебі бойынша кеңес беру;
 - салық есептілігін және статистикалық есептілікті қалыптастыру және өткізу (жекеленген бөлімшелер есепке алынбайды)
 - барлық қызметкерлерді сүйемелдеу;
 - СЭҚ сүйемелдеу;
- Заңгер (тек қана корпоративтік қызмет аясында және Серіктестің Команда Премиум тарифіндегі құжаттары мен қызметіне қатысты); HR-ассистент (тек қана Серіктестің Команда Премиум тарифындағы қызметіне қатысты);

Құны (айына)

табысы 50 000 000 теңгеге* дейін болған жағдайда **300 000 теңге**

*Серіктес қолданатын тарифтерге (2024 немесе 2025 жылдарға бекітілген) қарамастан:

- табысы **50 000 000 теңгеден артық болған жағдайда** Серіктес Жеке бекітілген тарифке ауыстырылады
- табысы **50 000 000 теңгеден төмен болған жағдайда** Аутсорсингтік компания еңбек шығындарына талдау жүргізуге және төмендегі шарттардың бірі болса, Серіктесті Жеке бекітілген тарифке ауыстыруға құқылы:
 - 1) сату бойынша құжаттар саны айына **30 данадан артық**;
 - 2) сатуға қатысатын номенклатура саны айына **50 данадан артық**.

Қосымша қызметтер

- Компаниялар тобына арналған заңгер немесе HR-ассистент - корпоративтік қызмет аясында және Серіктестің үлестес компанияларының, соның ішінде жаңадан ашылып жатқан компанияларының құжаттары мен қызметіне қатысты - 83 000 теңге/айына;
- Заңгер - мәселенің күрделілігіне қарай сағатына 9 500-17 000 теңге (жеңіл мәселелер - 9 500 теңге/сағ., орташа - 14 500 теңге/сағ., күрделі 17 000 теңге/сағ., мәселенің күрделілігін Аутсорсингтік компания ішкі регламенттер негізінде айқындайды);
- HR-ассистент – 9 500 теңге/сағ.;



«БУХГАЛТЕР БИЗНЕС» тарифі

Қызметтер тізімі

- Бухгалтер:
 - операцияларды **шектеусіз** өңдеу;
 - бухгалтерлік және салық есебі бойынша кеңес беру;
 - салық есептілігін және статистикалық есептілікті қалыптастыру және өткізу (жекеленген бөлімшелер есепке алынбайды)
 - **барлық қызметкерлерді** сүйемелдеу;
 - СЭҚ сүйемелдеу.

Құны (айына)

табысы 50 000 000 теңгеге* дейін болған жағдайда **220 000 теңге**

*Серіктес қолданатын тарифтерге (2024 немесе 2025 жылдарға бекітілген) қарамастан:

- **табысы 50 000 000 теңгеден артық болған жағдайда** Серіктес Жеке бекітілген тарифке ауыстырылады
- **табысы 50 000 000 теңгеден төмен болған жағдайда** Аусторсингтік компания еңбек шығындарына талдау жүргізуге және **төмендегі шарттардың бірі болса**, Серіктесті Жеке бекітілген тарифке ауыстыруға құқылы:
 - 1) сату бойынша құжаттар саны **айына 30 данадан артық**;
 - 2) сатуға қатысатын номенклатура саны **айына 50 данадан артық**.

Қосымша қызметтер

- Заңгер - мәселенің күрделілігіне қарай сағатына 9 500-17 000 теңге (жеңіл мәселелер - 9 500 теңге/сағ., орташа - 14 500 теңге/сағ., күрделі 17 000 теңге/сағ., мәселенің күрделілігін Аусторсингтік компания ішкі регламенттер негізінде айқындайды);
- HR-ассистент – 9 500 теңге/сағ.;

«БУХГАЛТЕР РОСТ» тарифі

Қызметтер тізімі

- Бухгалтер:
 - **30 данаға дейінгі** операцияларды өңдеу;
 - бухгалтерлік және салық есебі бойынша кеңес беру;
 - салық есептілігін және статистикалық есептілікті қалыптастыру және өткізу (жекеленген бөлімшелер есепке алынбайды)
 - **5 қызметкерге дейін** сүйемелдеу;

Құны (айына)

«Просто Бэк-офис» ЖШС (бұдан әрі - Просто Бэк-офис) және Аусторсингтік компанияның 01.01.2025 жылғы Қызмет көрсету тарифтерінің тізімі (бұдан әрі - Тарифтер)



Подписи ЭЦП проверены НУЦ РК
Документ подписан в сервисе **idocs**

табысы 10 000 000 теңгеге* дейін болған жағдайда **110 000 теңге**,

10 000 000 теңгеден жоғары болған жағдайда әр 5 000 000 теңге табыс үшін - құны **24 000** теңгеге артады;

***егер күнтізбелік ай ішінде операциялар саны отыздан аспаса (СЭҚ-пен байланысты операциялар есепке алынады) және/немесе қызметкерлер саны отыздан аспаса**, табыс сомасына қарамастан Тарифтің ең төменгі сомасы қолданылады;

Қосымша қызметтер

• Бухгалтер:

- 1 қосымша қызметкерді жүргізу - 6 500 теңге/айына;
- 1 қосымша операцияны өңдеу - 900 теңге;

мәміле бойынша әр құжат бойынша СЭҚ сүйемелдеу (тауар импорты/экспорты, қызмет алу/көрсету, шетел валютасында қарыз алу/беру)*:

- 10 000 АҚШ долларына дейін - 13 000 теңге;
- 10 001 - 50 000 АҚШ долларына дейін - 37 000 теңге;
- 50 001 АҚШ долларынан жоғары – 60 000 теңге;

** АҚШ долларындағы соманың түсім/сату құжатының үзінді көшірмесінің немесе алу/қызмет көрсету күнгі ҚР ҰБ бағамы бойынша теңге немесе басқа валютадағы баламасына байланысты, ал қарыздар бойынша төлем бойынша құжаттың үзінді көшірмесінің күні;*

- Заңгер - мәселенің күрделілігіне қарай сағатына 9 500-17 000 теңге (жеңіл мәселелер - 9 500 теңге/сағ., орташа - 14 500 теңге/сағ., күрделі 17 000 теңге/сағ., мәселенің күрделілігін Аутсорсингтік компания ішкі регламенттер негізінде айқындайды);
- HR-ассистент – 9 500 теңге/сағ.;

«БУХГАЛТЕР СТАРТ» тарифі

Қызметтер тізімі

• Бухгалтер:

- **5 данаға дейінгі** операцияларды өңдеу;
- бухгалтерлік және салық есебі бойынша кеңес беру;
- салық есептілігін және статистикалық есептілікті қалыптастыру және өткізу (жекеленген бөлімшелер есепке алынбайды)
- **1 қызметкерді** сүйемелдеу;

Құны (айына)

«Просто Бэк-офис» ЖШС (бұдан әрі - Просто Бэк-офис) және Аутсорсингтік компанияның 01.01.2025 жылғы Қызмет көрсету тарифтерінің тізімі (бұдан әрі - Тарифтер)



Подписи ЭЦП проверены НУЦ РК
Документ подписан в сервисе **idocs**

табысы 10 000 000 теңгеге* дейін болған жағдайда **77 000 теңге**,
10 000 000 теңгеден жоғары болған жағдайда әр 5 000 000 теңге табыс үшін - құны **24 000** теңгеге артады;
*егер күнтізбелік ай ішінде операциялар саны отыздан аспаса (СЭҚ-пен байланысты операциялар есепке алынады) және/немесе қызметкерлер саны отыздан аспаса, табыс сомасына қарамастан Тарифтің ең төменгі сомасы қолданылады;

Қосымша қызметтер

- Бухгалтер:
 - 1 қосымша қызметкерді жүргізу - 9 500 теңге/айына;
 - 1 қосымша операцияны өңдеу – 2 500 теңге;
мәміле бойынша әр құжат бойынша СЭҚ сүйемелдеу (тауар импорты/экспорты, қызмет алу/көрсету, шетел валютасында қарыз алу/беру)*:
 - 10 000 АҚШ долларына дейін - 13 000 теңге;
 - 10 001 - 50 000 АҚШ долларына дейін - 37 000 теңге;
 - 50 001 АҚШ долларынан жоғары - 60 000 теңге;
- * АҚШ долларындағы соманың түсім/сату құжатының үзінді көшірмесінің немесе алу/қызмет көрсету күнгі ҚР ҰБ бағамы бойынша теңге немесе басқа валютадағы баламасына байланысты, ал қарыздар бойынша төлем бойынша құжаттың үзінді көшірмесінің күні;
- Заңгер - мәселенің күрделілігіне қарай сағатына 9 500 - 17 000 теңге (жеңіл мәселелер - 9 500 теңге/сағ., орташа - 14 500 теңге/сағ., күрделі 17 000 теңге/сағ., мәселенің күрделілігін Аутсорсингтік компания ішкі регламенттер негізінде айқындайды);
- HR-ассистент – 9 500 теңге/сағ.;

"НӨЛДІК ЕСЕПТІЛІК" тарифі

Тариф салық органдарында қызметін белсенді жүргізбейтін/ табыс алмайтын / тарату/ қызметін тоқтату кезеңіндегі компаниялар/тұлғаларға арналған

Қызметтер тізімі

- Бухгалтер:
 - Осы Тарифтерге ескертпелердің 9.3.-тармағында көрсетілген операцияларды өңдеу (төмендегіні қараңыз);
 - **тоқсанына бір рет 3 сағатқа дейін** бухгалтерлік және салық есебі бойынша кеңес беру
 - салық есептілігін және статистикалық есептілікті қалыптастыру және өткізу (жекеленген бөлімшелер есепке алынбайды)
 - **1 қызметкерді сүйемелдеу** (бірінші басшыны);

Құны (тоқсанына)

63 000 теңге

Қосымша қызметтер

«Просто Бэк-офис» ЖШС (бұдан әрі - Просто Бэк-офис) және Аутсорсингтік компанияның 01.01.2025 жылғы Қызмет көрсету тарифтерінің тізімі (бұдан әрі - Тарифтер)



Подписи ЭЦП проверены НУЦ РК
Документ подписан в сервисе **idocs**



- Бухгалтер:
 - 1 қосымша қызметкерді сүйемелдеу – 13 000 теңге/айына;
 - 3 қосымша операцияны өңдеу - 25 000 теңге/айына; (іске қосылмаған операциялар келесі күнтізбелік айға ауыстырылмайды);
 - бухгалтерлік және салық есебі бойынша кеңес беру - 9 500 теңге/сағ.
 - мәміле бойынша әр құжат бойынша СЭҚ сүйемелдеу (тауар импорты/экспорты, қызмет алу/көрсету, шетел валютасында қарыз алу/беру)*:
 - 10 000 АҚШ долларына дейін - 13 000 теңге;
 - 10 001 - 50 000 АҚШ долларына дейін - 37 000 теңге;
 - 50 001 АҚШ долларынан жоғары - 60 000 теңге;
- * АҚШ долларындағы соманың түсім/сату құжатының үзінді көшірмесінің немесе алу/қызмет көрсету күнгі ҚР ҰБ бағамы бойынша теңге немесе басқа валютадағы баламасына байланысты, ал қарыздар бойынша төлем бойынша құжаттың үзінді көшірмесінің күні;
- Заңгер - мәселенің күрделілігіне қарай сағатына 9 500 -17 000 теңге (жеңіл мәселелер - 9 500 теңге/сағ., орташа - 14 500 теңге/сағ., күрделі 17 000 теңге/сағ., мәселенің күрделілігін Аутсорсингтік компания ішкі регламенттер негізінде айқындайды);
- HR-ассистент – 9 500 теңге/сағ.;

«ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН РЕЖИМДЕГІ ЖК» тарифі

Тариф операцияларды тек Аутсорсингтік компанияның қазіргі үлестес Серіктестерімен жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлерге (жеңілдетілген декларация негізінде) арналған

Қызметтер тізімі

- Бухгалтер:
 - Осы Тарифтерге ескертпелердің 9.3.-тармағында көрсетілген операцияларды өңдеу (төмендегіні қараңыз);
 - тек Аутсорсингтік компанияның қазіргі үлестес Серіктестерімен басқа операцияларды шектеусіз өңдеу;
 - бухгалтерлік және салық есебі бойынша кеңес беру;
 - салық есептілігін және статистикалық есептілікті қалыптастыру және өткізу (жекеленген бөлімшелер есепке алынбайды)
 - **1 қызметкерді** сүйемелдеу (штатта қызметкері жоқ ЖК-нің өзін)

Құны (тоқсанына)

63 000 теңге

Қосымша қызметтер

- Бухгалтер:
 - 1 қосымша қызметкерді сүйемелдеу - 13 000 теңге/айына;
 - Аутсорсингтік компанияның қазіргі үлестес Серіктесі болып табылмайтын компаниялармен 3 қосымша операцияны өңдеу - 25 000 теңге/айына. (іске қосылмаған операциялар келесі күнтізбелік айға ауыстырылмайды);

«Просто Бэк-офис» ЖШС (бұдан әрі - Просто Бэк-офис) және Аутсорсингтік компанияның 01.01.2025 жылғы Қызмет көрсету тарифтерінің тізімі (бұдан әрі - Тарифтер)



Подписи ЭЦП проверены НУЦ РК
Документ подписан в сервисе **idocs**

- мәміле бойынша әр құжат бойынша СЭҚ сүйемелдеу (тауар импорты/экспорты, қызмет алу/көрсету, шетел валютасында қарыз алу/беру)*:
 - 10 000 АҚШ долларына дейін - 13 000 теңге;
 - 10 001 - 50 000 АҚШ долларына дейін - 37 000 теңге;
 - 50 001 АҚШ долларынан жоғары - 60 000 теңге;

* АҚШ долларындағы соманың түсім/сату құжатының үзінді көшірмесінің немесе алу/қызмет көрсету күнгі ҚР ҰБ бағамы бойынша теңге немесе басқа валютадағы баламасына байланысты, ал қарыздар бойынша төлем бойынша құжаттың үзінді көшірмесінің күні;

- Заңгер - мәселенің күрделілігіне қарай сағатына 9 500-17 000 теңге (жеңіл мәселелер - 9 500 теңге/сағ., орташа - 14 500 теңге/сағ., күрделі 17 000 теңге/сағ., мәселенің күрделілігін Аутсорсингтік компания ішкі регламенттер негізінде айқындайды);
- HR-ассистент – 9 500 теңге/сағ.;

“ЖЕКЕ БЕКІТІЛГЕН ТАРИФ” (ЖБТ) тарифі

(есепті Аутсорингтік компания ішкі құжаттарға және регламенттерге сәйкес жүзеге асырады)

Қызметтер тізімі

- Бухгалтер:
 - операцияларды шектеусіз өңдеу;
 - бухгалтерлік және салық есебі бойынша кеңес беру;
 - міндетті салық есептілігін, статистикалық есептілікті құру және тапсыру;
 - барлық қызметкерлерді сүйемелдеу;
 - СЭҚ сүйемелдеу;
 - салық салу және өзара іс-қимыл мәселелері бойынша стратегиялық сессиялар 6 айда 1 рет.

Құны (айына)

Әр Серіктес* үшін жеке белгіленеді, бірақ 220 000 теңгеден кем емес

Қосымша қызметтер

- Заңгер және HR-ассистент:
- ЖБТ-да Заңгер және HR-ассистент қызметтері көзделмеген, сондықтан оларды пайдалану үшін Серіктес ай сайын ЖБТ жеке құнына 80 000 теңге мөлшеріндегі сомада қосымша төлем жасайды. Серіктес Заңгер немесе HR-ассистент қызметтерін сатып алған жағдайда оның Компаниялар тобына арналған заңгер немесе HR-ассистент қосымша қызметін қосу мүмкіндігі бар: корпоративтік қызмет аясында және Серіктестің үлестес компанияларының, соның ішінде жаңадан ашылып жатқан компанияларының құжаттары мен қызметіне қатысты - 83 000 теңге/айына;
- Заңгер және HR-ассистент қызметтерін пайдалану тәртібін өзгертуге тарифті тиімдірегіне ауыстыру бөлігіндегі Қызмет көрсету туралы шарт талаптары қолданылады;

«Просто Бэк-офис» ЖШС (бұдан әрі - Просто Бэк-офис) және Аутсорсингтік компанияның 01.01.2025 жылғы Қызмет көрсету тарифтерінің тізімі (бұдан әрі - Тарифтер)



Подписи ЭЦП проверены НУЦ РК
Документ подписан в сервисе **idocs**

- Заңгер тек қана корпоративтік қызмет аясында және Серіктестің ЖБТ-дағы құжаттары мен қызметіне қатысты;
- HR-ассистент тек қана Серіктестің ЖБТ қызметіне қатысты.
- Заңгер - мәселенің күрделілігіне қарай сағатына 9 500-17 000 теңге (жеңіл мәселелер - 9 500 теңге/сағ., орташа - 14 500 теңге/сағ., күрделі 17 000 теңге/сағ., мәселенің күрделілігін Аутсорсингтік компания ішкі регламенттер негізінде айқындайды);
- HR-ассистент – 9 500 теңге/сағ.

Тариф және ауысу талаптары ариф және ауысу талаптары

- **ЖБТ-ға ауысудың негізгі талаптары:**
 - табысы 50 000 000 теңгеден **артық** болған жағдайда Команда Премиум немесе Бухгалтер Бизнесмен ауысу
 - **Аутсорсингтік компания қолдануға құқылы ЖБТ-ға ауысудың қосымша талаптары:**
 - табысы 50 000 000 теңгеден төмен болған, алайда, келесі параметрлер бойынша Аутсорсингтік компанияның еңбек шығындары артқан жағдайда:
 - сату бойынша құжаттар саны **айына 30 данадан артық**;
 - сатуға қатысатын номенклатура саны **айына 50 данадан артық**.
 - Құны қатарынан **12 айға** бекітіледі.
 - Еңбек шығындары қатарынан **3 күн** немесе қатар **6 айдың ішінде 3 рет 30%** және одан артық өзгерген кезде құнын мерзімінен бұрын қайта есептеу мүмкін болады;
 - **Ауысу ережелері:**
 - 1) Егер ағымдағы күнтізбелік тоқсанда ЖБТ негізгі немесе қосымша талаптарына қол жеткізілсе, ЖБТ-ға ауысуға Аутсорсингтік компания Серіктес қолданатын тарифтерге (2024 немесе 2025 жылдарға бекітілген) қарамастан есептесуді аяқтағанына қарай бастамашылық етеді.
 - 2) ЖБТ-дан басқа тарифке Аутсорсингтік компанияның да, Серіктестің де бастамасымен ауысуға болады.
- *Бұл ретте ЖБТ қолдануға Аутсорсингтік компания бастамашылық етеді. Ол ЖБТ-ға ауысу және оны пайдаланудың қолайлы талаптарын белгілеу құқығын өзіне қалдырады.

«ЗАҢГЕР БИЗНЕС» тарифі

Қызметтер тізімі

Заңгер

- Серіктестің сұратуына қарай **50 сағатқа** кез келген күрделілік деңгейіндегі **заңгер**.

Құны (айына)


220 000 теңге

Ең аз қызмет көрсету мерзімі - толық алдын ала төлеммен қатарынан 3 күнтізбелік ай.

«Просто Бэк-офис» ЖШС (бұдан әрі - Просто Бэк-офис) және Аутсорсингтік компанияның 01.01.2025 жылғы Қызмет көрсету тарифтерінің тізімі (бұдан әрі - Тарифтер)



Подписи ЭЦП проверены НУЦ РК
Документ подписан в сервисе **idocs**



Шарт тоқтатылға кезде қайта есептесу ең аз қызмет көрсету мерзімінің соңына дейін - заңгер уақыты Шарт тоқтатылған күні қолданыстағы бірреттік қызметтер мөлшерлемесі бойынша қайта есептеледі.

- Егер қайта есептеу кезінде Серіктес пайдасына айырмашылық анықталса, бұл айырмашылық қайтарылмайды.
- Егер қайта есептеу кезінде Аутсорсингтік компания пайдасына айырмашылық анықталса, Серіктестен қосымша төлем жасау талап етілмейді.

Қызмет көрсетуді қайта бастаған кезде - қайтадан алдын ала төлеммен қатарынан 3 күнтізбелік ай ең аз мерзім қолданылады.

Төлем жасалмағанына/шарттың бұзылуына байланысты қызмет көрсету тоқтатылған жағдайда қосымша төлемдер:

3 ай және одан аз мерзімге, 100 000 теңге мөлшеріндегі бірреттік айыппұлды төлеген жағдайда қызмет көрсетуді қайта бастау мүмкін болады.

Қосымша қызметтер

- Заңгер - сағатына 9 500 - 17 000 теңге, тарифке кіретін сағаттан асу мәселенің күрделілігіне қарай тарифтеледі, (жеңіл мәселелер - 9 500 теңге/сағ., орташа - 14 500 теңге/сағ., күрделі 17 000 теңге/сағ.), мәселенің күрделілігін Аутсорсингтік компания ішкі регламенттер негізінде айқындайды;
- HR-ассистент – 9 500 теңге/сағ.;

«ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЗАҢГЕР» тарифі

Қызметтер тізімі

Заңгер

- Серіктестің сұратуына қарай **70 сағатқа жеңіл күрделілік деңгейіндегі заңгер.**
- Серіктестің сұратуына қарай **15 сағатқа орташа немесе қиын күрделілік деңгейіндегі заңгер.**

Құны (айына)

220 000 теңге

Ең аз қызмет көрсету мерзімі - толық алдын ала төлеммен қатарынан 3 күнтізбелік ай.

Шарт тоқтатылға кезде қайта есептесу ең аз қызмет көрсету мерзімінің соңына дейін - заңгер уақыты Шарт тоқтатылған күні қолданыстағы бірреттік қызметтер мөлшерлемесі бойынша қайта есептеледі.

- Егер қайта есептеу кезінде Серіктес пайдасына айырмашылық анықталса, бұл айырмашылық қайтарылмайды.
- Егер қайта есептеу кезінде Аутсорсингтік компания пайдасына айырмашылық анықталса, Серіктестен қосымша төлем жасау талап етілмейді.


Қызмет көрсетуді қайта бастаған кезде - қайтадан алдын ала төлеммен қатарынан 3 күнтізбелік ай ең аз мерзім қолданылады.

Төлем жасалмағанына/шарттың бұзылуына байланысты қызмет көрсету тоқтатылған жағдайда қосымша төлемдер:

3 ай және одан аз мерзімге, 100 000 теңге мөлшеріндегі бірреттік айыппұлды төлеген жағдайда қызмет көрсетуді қайта бастау мүмкін болады.

Қосымша қызметтер



- 
- Заңгер - сағатына 9 500 - 17 000 теңге, тарифке кіретін сағаттан асу мәселенің күрделілігіне қарай тарифтеледі, (жеңіл мәселелер - 9 500 теңге/сағ., орташа - 14 500 теңге/сағ., күрделі 17 000 теңге/сағ.), мәселенің күрделілігін Аутсорсингтік компания ішкі регламенттер негізінде айқындайды;
 - HR-ассистент – 9 500 теңге/сағ.





Қосымша қызметтер

- «Команда Премиум», «Бухгалтер Бизнес», «Бухгалтер Рост» және «Бухгалтер Старт» тарифтеріндегі бухгалтер:
- Келесілерге қатысты міндетті салық есептілігін, статистикалық есептілікті құру және тапсыру:
- Филиал - 55 000 теңге/айына;
- Өкілдік - 19 000 теңге/айына;
- Оқшауланған сатылым орнын жүргізу - 38 000 теңге/айына;
- "Нөлдiк есептiлiк" тарифтерiндегi бухгалтер:
- Келесілерге қатысты міндетті салық есептілігін, статистикалық есептілікті құру және тапсыру:
- Филиал - 16 500 теңге/айына;
- Өкілдіктер - 16 500 теңге/айына;
- Бухгалтерлік базаға қашықтықтан қолжетімділікті қосу (1С Кәсіпорын, 1С БҚБ, 1С Сауда және Аутсорсингтік компания ұсынғанның ішінен басқасы) – 7 200 теңге/айына;
- Бұрынғы кезең бойынша салық есептерін және статистикалық есептерді өткізу - 11 000 теңге/сағ. Бұл қосымша қызмет Серіктес Бұрынғы кезеңге қатысты және/немесе ол бойынша міндетті есептілікті тапсыру үшін қажет ақпаратты/ құжаттарды/ЭЦҚ ұсынған жағдайда қолданылады. Егер есепті тапсыру мерзімін ұзарту Серіктеспен алдын ала келісілсе, мұндай ұзарту мерзімі өткеннен кейін. Бұрынғы кезең - ағымдағы күнтізбелік жыл ішіндегі кезеңдерді қоса алғанда (егер есептілік айға/тоқсанға/жарты жылдыққа қатысты болса), кезең бойынша есептілікті өткізудің соңғы мерзімі өтіп кеткен кезең.
- Тарату және оның құны жұмыс көлеміне және күрделілігіне байланысты және келесі құрамдастардан тұрады:
- қажеттілігіне қарай бухгалтерлік және салық есептілігін қалпына келтіру; Қалпына келтіру ретінде бағаланады;
- тарату бойынша бухгалтердің қатысуын қажет ететін қызметтер - 14 000 теңге/сағ., келесілерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелместен:
- ЖШС қатысушыларының шешімі бойынша активтер мен пассивтерді түгендеу/ есептен шығару/ үлестіру бойынша операциялар;
- аралық таратылу теңгерімін құру және жіберу;
- тарату салық декларацияларын құру және тапсыру;
- таратылу теңгерімін құру және жіберу;
- тарату бойынша заңгердің қатысуын қажет ететін іс-әрекеттер "заңгер" қосымша қызметі ретінде бағаланады;

«Просто Бэк-офис» ЖШС (бұдан әрі - Просто Бэк-офис) және Аутсорсингтік компанияның 01.01.2025 жылғы Қызмет көрсету тарифтерінің тізімі (бұдан әрі - Тарифтер)





- Серіктестің бүкіл тарату үдерісі кезінде "Нөлдiк есептілік" тарифінде болуы міндетті, тарату кезінде пайда болғаны "Нөлдiк есептілік" тарифінің қосымша қызметтерінің тарифі бойынша емес, осы тармақта көрсетілген тарифтеу бойынша төленеді. Әдетте тарату үдерісі кемінде 6 айға созылады;

- Мұрағат - 24 000 теңге/айына;
- Заңды мекенжайды ұсыну - 192 000 теңге/жарты жыл, келесі талаптарда:
- 6 ай мерзімге жалға алу шартын ұсыну;
- аванстық төлемдер, мерзімді азайтқан кезде ақшаны қайтару жүзеге асырылмайды;
- түкен жағдайда корреспонденцияны алу;
- іс жүзінде жұмыс кеңістігін ұсыну қарастырылмаған;
- Аутсорсингтік компания қызмет көрсетуді тоқтата тұрған/тоқтатқан жағдайда Серіктес 10 күнтізбелік күн ішінде заңды мекенжайын ауыстыруға міндеттенеді. Бұзушылық орын алған жағдайда Аутсорсингтік компания 100 000 теңге мөлшерінде айыппұл өндіріп алуға құқылы.

Серіктеске Аутсорсингтік компанияда қызмет көрсетілмеген кезеңдердегі жұмысы бойынша қызмет көрсету

- Екі опцияда бухгалтерлік есепті қайта қалпына келтіру мүмкін болады:
- қателерді түзету, салық декларацияларын, сондай-ақ олардың қосымшаларын құру және тапсыру – 11 000 теңге/сағ
- 1С базасында операциялар есебін қалпына келтіру және бастапқы құжаттарды дайындау:
 - қалпына келтіру кезеңінің әр айы бойынша 1 қызметкер - 4 200 теңге;
 - 1 операция – 1050 теңге;

* Шарт Серіктестің бастамасымен бұзылған жағдайда немесе 3 айға дейінгі мерзім үшін төлем жасалмағанына байланысты қызмет көрсету тоқтатылған жағдайда ары қарай Серіктеске қызмет көрсету тек қалпына келтіру құнын төлеген кезде ғана мүмкін болады, бұл ретте әр ай үшін есепті қалпына келтіру құны, Серіктестестің қалауымен тарифті ұлғаю жағына ғана өзгерту мүмкіндігімен Тариф құны және мұндай Тариф бойынша қосымша төлемдер/қызметтер құны ретінде бағаланады.

- Бухгалтерлік есеп базасына экспресс-талдау жүргізу:
- қабылдаған кезде экспресс-талдау жүргізу - барлық тарифтердің құнына кіреді;
- бухгалтерлік есеп базасына қайталама экспресс-талдау жүргізу (соның ішінде қалпына келтіруді Аутсорсингтік компания жүзеге асырмаған жағдайда) -60 000 теңге;



- Салық органдарының хабарламаларына мониторинг жүргізу - 60 000 теңге/жылына (қызметін тоқтата тұру кезеңіндегі компаниялар үшін);
- Салық органдарының хабарламаларын өңдеу;
- егер бухгалтерлік және салық есебіне өзгертулер енгізу қажет болса - бухгалтерлік есеп қателіктерін түзету ретінде бағаланады;
- өзгерту енгізу қажет болмаса - барлық тарифтердің құнына кіреді, "Нөлдік есептілік" пен "Жеңілдетілген режимдегі ЖК" тарифтері есепке алынбайды,
- бұл тарифтерде аталған қызмет бухгалтерлік есеп қателіктерін түзету ретінде бағаланады;

Арнайы ұсыныстар

- **«Стартап мини» пакеті - 83 000 теңге:**
- Құрылтай құжаттарын дайындау;
- электрондық үкімет порталы арқылы жауапкершілігі шектеулі серіктестікті (бұдан әрі – ЖШС) тіркеу;
- ЖШС үшін электрондық цифрлық қолтаңбаны алуға өтінімді электронды түрде беру;
- заңгерлік қорытындыны дайындау (негізгі қызметі аясындағы 1 қорытынды);
- **«Стартап» пакеті - 165 000 теңге:**
- құрылтай құжаттарын дайындау;
- электрондық үкімет порталы арқылы ЖШС тіркеу;
- ЖШС үшін электрондық цифрлық қолтаңбаны алуға өтінімді электронды түрде беру;
- жаңа шартты дайындау/ түзетулер енгізу (2 шарт/2 ретке дейін);
- заңгерлік қорытындыны дайындау (1 қорытынды);
- контрагент шарттарын келісу және сараптау (2 ретке дейін);
- контрагенттің сенімділігін тексеру (3 тексеріс);

Жоғарыда көрсетілген екі Пакет қызмет қосылған күннен бастап 2 ай бойы қолжетімді ("Команда Премиум" тарифінде тариф құнына кіреді)

"Компаниялар тобы" жеңілдігі - үлестес компанияларды қосқан кезде:

екі компанияны:

- Бухгалтер Рост тарифінде минус 7 200 теңге;
- Бухгалтер Бизнес тарифінде минус 22 000 теңге;
- Заңгер Бизнес тарифінде минус 22 000 теңге;
- Операциялық Заңгер тарифінде минус 22 000 теңге;
- Команда Премиум тарифінде минус 29 000 теңге

үш және одан көп:

- Бухгалтер Рост тарифінде минус 14 500 теңге;
- Бухгалтер Бизнес тарифінде минус 36 000 теңге;
- Заңгер Бизнес тарифінде минус 36 000 теңге;
- Операциялық Заңгер тарифінде минус 36 000 теңге;
- Команда Премиум тарифінде минус 43 000 теңге;

жеңілдік қосылған тарифке байланысты әр қосылған компанияға тұрақты негізде ай сайын беріледі.

"Нөлдік есептілік", "Жеңілдетілген режимдегі ЖК" және «Бухгалтер Старт» және «Заңгер Старт» тарифтерінде жеңілдік берілмейді, сондай-ақ басқа Серіктестерге жеңілдік беру үшін есепке алынбайды.





Осы Тарифтерде көрсетілген Просто Бэк-офис қызметтері бойынша ескертпелер:

1. Аутсорсингтік компания – «Просто Аутсорсинг ГК» ЖШС және/немесе Серіктестерге Қосымша мен сайтты пайдалану туралы шартқа №1 Қосымшада белгіленген аутсорсингтік қызмет көрсететін басқа заңды тұлға,
2. Заңды тұлға - Тарифтердің мәтінінде бұл ұғым заңды тұлғаларды, жеке кәсіпкерлерді, бірлескен кәсіпкерліктерді, және және кәсіпкерліктің кез келген басқа түрлерін білдіреді.
3. Барлық тарифтерге Аутсорсингтік компанияның көрсетілген қызметтері және Просто Бэк-офис Қосымшасын пайдалану құқығы кіреді:
 - 1) Қосымшаға кіру;
 - 2) Қосымшаны пайдалану арқылы Аутсорсингтік компанияның қызметтерін алу;
4. **Біз құжаттарды қалай дайындаймыз:** Аутсорсингтік компания құжаттарды электронды түрде дайындауды және Серіктеске жіберуді жүзеге асырады. Барлық кейінгі іс-әрекеттерді Серіктес өздігінен жүзеге асырады (қол қою, мөрлерді ұсыну, сақтау және басқа да сол сияқты іс-әрекеттер).
5. **Бухгалтерлік қызмет көрсетуге кіретін есептіліктер:**
 - 1) мемлекеттік кірістер органдарына тапсырылатын салық есептілігі,
 - 2) компанияның қаржылық есептілігі (жыл сайынғы/ тоқсан сайынғы),
 - 3) статистика органдарына тапсырылатын статистикалық есептілік,
 - 4) ҚР Ұлттық банкіне тапсырылатын міндетті статистикалық есеп,
 - 5) төмендегі тармақта көрсетілген қызметкерлерді сүйемелдеу бойынша есептілік.
6. **Қызметкерлерді сүйемелдеу келесіні білдіреді:**
 - 1) жалақыны, демалысақыны, уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша жәрдемақыларды, жұмыс беруші есебінен декреттік жәрдемақыны, ҚР БЖЗҚ-ға (Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры) міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды, МӘМС (Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша аударымдарды), ЖТС (жеке табыс салығын), ӘС (әлеуметтік салықты) есептеу,
 - 2) жоғарыда көрсетілген салық есептілігін, статистикалық есептілікті жасау және өткізу,
 - 3) Серіктестің қызметкерлерін қабылдау, ауыстыру және жұмыстан шығаруды құжаттамалық рәсімдеу.
 - 4) Қызметкерлерді Enbek.kz. сайтында тіркеу.



Бір қызметкер - есептелу кезеңіндегі бір бірегей қызметкерді (ТАӘ) білдіреді. Шарт өзгертілген/тоқтатылған/ бұзылған кезде қызметкерлер саны бойынша қосымша қызметті есептеу тарифте болған күндер саны бойынша жүзеге асырылады.

5 және одан жоғары қызметкерлері және/немесе АҚС шарт негізіндегі жеке тұлғалары бар Серіктестерге арналған **ерекше талаптар** дегеніміз - қызмет көрсететін банкте жалақы жобасының болуы, бұл Аутсорсингтік компанияның міндетті талабы. Жалақы жобасы болмаған жағдайда Аутсорсингтік компания Серіктеске қызмет көрсетуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

«Просто Бэк-офис» ЖШС (бұдан әрі - Просто Бэк-офис) және Аутсорсингтік компанияның 01.01.2025 жылғы Қызмет көрсету тарифтерінің тізімі (бұдан әрі - Тарифтер)



Подписи ЭЦП проверены НУЦ РК
Документ подписан в сервисе idocs

- 
- 
7. Тарифтер бойынша қызметтерге келесілер кірмейді арнаулы есептерді жүргізу (мысалы: арнайы экономикалық аймақтарға, технопарктерге және басқа субъектілерге, тендерлерге, мемлекеттік сатып алуға қатысумен байланысты есептер, есепке алу-бақылау маркаларын (алкоголь өнімдері үшін), ақиздік маркаларды (темекі өнімдері үшін) есепке алу жүйелерінде тіркеу және есепке алу, субсидиялау бағдарламалары, Ұлттық Банкіге, қаржылық есептілік депозитарийіне, биржаға өткізілетін арнаулы есептер, соның ішінде микроқаржы ұйымдарының қызметімен байланысты, балабақшалардың, ауыл шаруашылық ұйымдарының арнаулы есептіліктері және 5-т. көрсетілген басқасы).

Бірақ мерзімді негізде немесе серіктестің сұратуы бойынша ақпарат ұсынылуы мүмкін:

- 1) бухгалтерлік есеп аясындағы деректер,
 - 2) айналымдық - қалдықтық тізімдеме, салық берешегінің бар/жоқ екендігі туралы анықтама, салыстыру актілері және бухгалтерлік есеп және салық есебінің деректері бойынша қалыптастырылған басқа есептер мен құжаттар,
 - 3) порталдарда тіркеу түріндегі біржолғы қызметтер (заң қызметтері аясында).
8. **Консультация** – бұл Серіктестің сұрақтарына ауызша және/немесе жазбаша жауаптар, қорытынды, түсініктеме беру.
9. **Операция** - корпоративтік картаға бекітілген шот бойынша үзінді көшірмені қоса алғандағы банктік үзінді көшірмедегі кез келген жол және кассалық есептегі кез келген жол, бірақ келесі жағдайларда операцияларды есептеудің бірқатар ерекшеліктері бар:

9.1.

1) POS-терминалдар және төлем жүйелері:

1. бір күн ішінде бір POS терминал бойынша жеке тұлғалардан түскен барлық ақша қаражатының түсімдері - бір операция;
2. бір күн ішінде бір төлем жүйесі бойынша жеке тұлғалардан түскен барлық ақша қаражатының түсімдері - бір операция;
3. POS терминал бойынша заңды тұлғадан бір рет қаражат түсуі - бір операция;
4. төлем жүйесі бойынша заңды тұлғадан бір рет қаражат түсуі - бір операция;


2) кассалық есеп:

5. бір күн ішінде бір кассалық аппараттан жеке тұлғалардан түскен барлық қолма-қол ақша қаражатының түсімдері - бір операция (Z есеп бойынша деректер);
6. заңды тұлғадан бір рет қолма-қол ақша қаражатының түсуі - бір операция;
7. жеке немесе заңды тұлғаға кез келген бір шығыс операциясы - бір операция;
8. инкассация, атап айтқанда есептік шотты бір кассалық аппараттан бір күн ішіндегі кассалық түсіммен толтыру - бір операция

3) меншік қаражат:


9. бір күн ішінде банкомат/терминал арқылы қолма-қол немесе қолма-қол емес қаражатты шешіп алу - бір операция;
10. бір күн ішінде банкомат/терминал арқылы қолма-қол немесе қолма-қол емес қаражатты толтыру - бір операция;
11. корпоративтік картаға бекітілген есептік шотты қоса алғанда, бір есептік шоттан екіншісіне бір рет қаражат аудару (бір банк және/немесе басқа банктер ішінде) - бір операция;
12. есепке бір рет ақша қаражатын аудару - бір операция;





9.2. операцияларды санаған кезде СЭҚ-пен байланысты операциялар есепке алынбайды;

9.3. операцияларды санаған кезде банктік комиссияларды, салық, жалақы төлемдерін есептен шығару бойынша операциялар; меншік капиталын енгізумен, сондай-ақ НБ мен олар бойынша %% өтеумен, дивидендтерді төлеумен және жарғылық капиталды толтырумен байланысты ішкі қарыздар бойынша операциялар; бір жайды жалға алу ақысы., қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйақысын және Аутсорсингтік компанияның қызметтерін төлеу бойынша операциялар есепке алынбайды;



10. **Операциялардың көп мөлшерімен немесе сату бойынша құжаттарды шұғыл дайындаумен байланысты Серіктестердің қызметтеріне (мысалы: сауда, өндіріс, құрылыс немесе мейрамханалар) арналған ерекше талаптар:**

1) егер операциялар саны 100-ден аспаса және операцияны жүргізу уақыты бойынша сұратуды бір сағаттан аз уақытта өңдеу талап етілмесе, тауарды есепке алуды (түсімдер/сату/орнын ауыстыру) Аутсорсингтік компанияның да, Серіктес тарапында да жүргізу мүмкін болады.

2) егер операциялар саны 100-ден көп және мұндай операцияларды жүргізу уақыты бойынша талаптар болса (бір сағаттан аз), тауарды есепке алу Серіктес тарапында жүргізіледі.

3) Есепке алу Серіктес тарапында жүргізілген кезде ақпарат алмасудың келесі нұсқаларының бірі міндетті болып табылады:

1) Серіктес Аутсорсингтік компанияның 1С есептік базасына қашықтықтан қосылу арқылы жұмыс істейді (бұл қызмет ақылы, кез келген тарифте сатып алуға болады)

2) Серіктестің тауарды есепке алу, сатуды жүргізуге арналған арнаулы бағдарламалық жасақтамасы (БЖ) бар (мысалы: R-Keeper, 1С Сауда және Қойма, Палома, Іко, 1С Бөлшек сауда, 1С Біздің фирманы басқару және т.б.) Серіктес БЖ әзірлеушінің техникалық сүйемелдеу қызметін жұмысқа тартады, ол Аутсорсингтік компаниямен ақпараттың автоматты түрде шығарылуын және БЖ-ның Аутсорсингтік компанияның 1С есептік базасымен біріктірілуін баптайды. Қажет болған жағдайда Серіктес БЖ жөнге келтіру және ақпаратты автоматты түрде шығару және біріктіруді баптау бойынша қосымша шығындарды төлейді.

11. **Табыс** - қарыз шарттары бойынша алынған қаражатты және жарғылық капиталының артуын есепке алмағанда, күнтізбелік ай ішінде Серіктестің банктік шоттарына және кассасына түскен ақша қаражатының жалпы сомасы. Табыс мөлшері теңгемен көрсетіледі. Тариф өзгертілген немесе шарт бұзылған жағдайда табысты есептеу сол сәт бойынша жүзеге асырылады және жаңа тарифте жаңадан басталады.

12. **Оқшауланған сату орны** - бір 1С есептік базасының ішінде тауарды бөлек есепке алу. Ол жерден сату жүзеге асырылмайтын, бір 1С есептік базасының ішіндегі кез келген қойма (өндірістік, дайын өнім және т.б.) оқшауланған сату орны болып есептелмейді. Барлық тарифтердің құнына бір сату орны кіреді, екіншісінен бастап және ары қарай Серіктес қосымша қызмет ретінде төлейді.

13. **Өкілдік және Филиал ұғымдары** - ҚР қолданыстағы заңнамасымен белгіленген мағыналарда.

14. **Мұрағатқа** Серіктестің бухгалтерлік, кадрлық және басқа құжаттарын жинау, сканерлеу және сақтау кіреді. Жинауды курьер ең көбі аптасына 1 рет жүзеге асырады.

Мұрағаттың екі опциясы*:

1) Аутсорсингтік компанияға шектелген функциялар мөрін (келесі құжаттарға: кадрлық құжаттар (жалақы бойынша тізімдемеден басқа); алынған жіберілген атқарылған жұмыстар актілері, салыстыру актілері) пайдалана отырып, сенімхат негізінде барлық құжаттарға қол қою құқығын беру. Құжаттарға қағаз нұсқада да, idocs электрондық құжат алмасу платформасы арқылы қол қою жүзеге асырылуы мүмкін;



2) Аутсорсингтік компанияға қол қою құқығын берусіз.

*өткен кезеңдер бойынша құжаттама сақтауға сканерлеусіз, құжаттар бар мұқабалар/қораптар санының тізімдемесі бойынша, қораптарды қабылдау-тапсыру акті бойынша қабылданады. Серіктес мұндай мұқабалардың/қораптардың бетін міндетті түрде жапсырып, пломбалауы тиіс, пломбаланбаған қораптар үшін Аутсорсингтік компания жауапты болмайды. Өткен кезеңдер бойынша құжаттаманы жеткізу, соның ішінде қайта жіберу бойынша шығындар Серіктеске қайта шығарылады (мысалы: шарт тоқтатылған/бұзылған жағдайда).

15. **СЭҚ** - бұл тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу/сату, олармен Шарт жасалған, ҚР аумағынан тыс бейрезидент тұлғалардан/бейрезидент тұлғаларға берілген қарыздар бойынша бухгалтерлік (валюталық төлемдер, валюталарды айырбастау бойынша төлем тапсырмаларын дайындау, банктік валюталық бақылауымен өзара әрекет ету, шарт бойынша төлемдерді жасау мерзімін басқылау бойынша мәміле төлқұжатын сүйемелдеу) және салықтық (салық есептілігін, статистикалық есептілікті, ҚР Ұлттық Банкіне арналған есептілікті қалыптастыру және тапсыру) сүйемелдеу. Бұл ретте Серікте с бухгалтерлік операцияларды жүргізу, төлем жасау және тиісті есептерді жасау үшін құжаттаманы ұсынады.

Сондай-ақ Серіктес өздігінен:

- 1) кеден органдарында компанияның СЭҚ карталарын алады;
- 2) қажет болған жағдайда Мәміле төлқұжатын рәсімдейді (егер келісімшарт бойынша сома 30.03.2019 ж. №42 ҚР ҰБ БҚ сәйкес шекті мәннен асатын болса);
- 3) онлайн-банкингте шартты тіркейді/ КЕН/ВШЕН береді; Аутсорсингтік компания Серіктестің сұрауы бойынша өздігінен онлайн банкингте шартты тіркеуге, КЕН/ВШЕН беруге жіберсе, Аутсорингтік компания:
 - шарт, шоттар және мәмілелер бойынша кез келген басқа құжаттар, соның ішінде оларда көрсетілген деректер, деректемелер және басқасы үшін жауапкершілік көтермейді;
 - деректерді тексеруді жүзеге асырмайды;
 - Серіктес ұсынған құжаттар мен ақпарат негізінде онлайн-банкингте тек өтінішті толтыруды және құжаттарды бекітуді жүзеге асырады, дұрыс емес немесе қарама-қайшы деректер болған жағдайда жауапкершілік Серіктеске жүктеледі;
 - банктің бас тартқаны және мұндай бас тарту салдары үшін жауапты болмайды;
 - толтырылған өтініште қателіктер болғандықтан банк бас тартқаны үшін ғана жауапкершілік көтереді және Шарттың 10.3. т. 2-тш. шектеледі, бұл ретте, егер құжаттардағы және Серіктетен алынған ақпараттағы деректер әркелкі оқылғандықтан қателік туындаса, жауапкершілік Серіктеске жүктеледі;
- 4) кедендік жүк мағлұмдамасын (КЖМ) және басқа да қажет кедендік құжаттарды рәсімдейді;
- 5) ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес басқа іс-әрекеттер.


16. **Үлестес тұлғалар:**

- 1) құрамына бір қатысушылар және сол қатысушылардың ЖК кіретін заңды тұлғалар;
- 2) құрамында қазіргі Серіктесі бар заңды тұлғалар;
- 3) бір бизнесті* жүргізетін немесе экономикалық үлестестігі* бар заңды тұлғалар және/немесе ЖК, растаушы құжаттарды ұсынған жағдайда;

«Просто Бэк-офис» ЖШС (бұдан әрі - Просто Бэк-офис) және Аутсорсингтік компанияның 01.01.2025 жылғы Қызмет көрсету тарифтерінің тізімі (бұдан әрі - Тарифтер)



Подписи ЭЦП проверены НУЦ РК
Документ подписан в сервисе **idocs**




*бір бизнес - негізгі қызметі келесілермен байланысты заңды тұлғалар немесе ЖК:

- 1) бір немесе біртекті қызмет түрімен және бір бірімен байланысты, немесе
- 2) әртүрлі қызмет түрімен, бірақ бір бизнесте, немесе
- 3) кәсіпкерлік қызметтегі/бизнестегі бір бағыт, немесе

** экономикалық үлестестік - заңды тұлғалар мен ЖК-нің бірлескен қызмет туралы шартқа, қаржыландыру шарттарына, дебеттік айналымдарға негізделген өзара байланысы.

Ескертпе: үлестес тұлғалар деп тану немесе танымау туралы шешімді Просто Бэк-офис және Аутсорсингтік компания қабылдайды.



17. **Корпоративтік қызмет** - Аутсорсингтік компания заңгерлік қызметтер көрсету мақсатында бекітетін және Серіктес компаниясының тек негізгі қызметімен байланысты ұғым. Өзге мәселелер заңгердің қосымша қызметтері ретінде тарифтеледі.

1) **Корпоративтік қызметке** Серіктес компаниясының қызметі аясында келесі құжаттар түрі бойынша өзгерістер мен толықтыруларды дайындау, енгізу кіреді:

- бірінші басшыны тағайындау мәселелерін қоса алғандағы құрылтай құжаттары;
- контрагенттермен, қызметкерлермен жұмысы жұмысындағы шарттар, келісімдер және өзге де құжаттар;
- хаттар, кінәрат-талаптары;
- заңгерлік қорытындылар мен консультациялар (еңбек құқығын, азаматтық, корпоративтік құқықты қоса алғанда, бірақ олармен шектелместен);
- контрагенттермен, серіктестермен, қызметкерлермен және басқа мамандармен қызметті реттейтін ішкі құжаттар;
- оларды тапсыруды, негізгі қызмет аясында электрондық порталдардағы жұмысты қоса алғанда компанияның рұқсат құжаттарын алуға арналған құжаттар (хабарламалар, лицензиялар).



2) **Корпоративтік қызметке** келесі мәселелер бойынша консультация беру және құжаттарды дайындау **кірмейді**:

- тіпті бұл компанияның қызметіне және олардың компанияға қатысу құқығына және жұмысқа әсер етсе де, жеке тұлғаларға қойылатын талаптарды тікелей реттейтін кез келген мәселелер (көші-қон құқығын қозғайтын мәселелерді қоса алғанда, бірақ шектелместен, соның ішінде Серіктес компаниясының қызметкерлері/қатысушылары бойынша, шетелдік қызметкерлерге/ қатысушыларға/ құрылтайшыларға қойылатын талаптар, УТР алу, жеке тұлғаларға жеке консультация беру және т.б.);
- АХҚО қоса алғанда кез келген шетелдік құқықпен реттелетін;
- талап арызды қоса алғандағы кез келген сот құжаттарын дайындау, тапсыру және бақылап отыруды қоса алғанда үдерістің барлық кезеңдеріндегі сот қызметіне қатысты

18. **Заңгердің қызметтерге жұмсайтын ең аз сағаты:**

- 1) Жеңіл қиындық:
 - Күрделілік деңгейі жеңіл:



- 
- 
- құжаттардың (шарттардың, хаттардың/хабарламалардың/ наразылықтардың, құрылтайшы құжаттардың, өтініштердің) дайын үлгісін толтыру - 1 сағаттан артық,
 - мәліметтерді, анықтамаларды, бар рұқсат құжаттарды жүктеу (egov және elicense порталдарынан) - бір құжатқа 15 минут,
 - ЭҚЖЖ ауыстыру/қосу (тиісті ЭҚЖЖ таңдаусыз) - 1 сағаттан артық,
 - контрагенттің сенімділігі туралы ақпаратты жүктеу - 1 сағаттан артық,
 - ЭЦҚ алуға өтінім беру (іс жүзінде алусыз) - 1 сағаттан артық;
 - дайын қуыным талаптарды сот кабинеті арқылы беру/қайтарып алу (ұсынылған құжаттар пакетінің толықтығын тексеру кірмейді) - 1 сағаттан артық;
 - egov және elicense порталында тіркелу - бір порталда тіркелу үшін 1 сағаттан артық,
 - уәкілетті органға дайын хатты/хабарламаны eotinish порталы арқылы беру және аталған хатқа/хабарламаға жауапты бақылау (қызметке хатты дайындау және толтыру кірмейді) - 1 сағаттан артық



2) Орта және күрделі қиындық деңгейі:

- шартты дайындау (соның ішінде контрагентті тексеру) - 3 сағаттан артық,
- Серіктес шартын сараптау (соның ішінде контрагентті тексеру) - 3 сағаттан артық,
- шартқа келісімді, бұзу туралы келісімді дайындау - 2 сағаттан артық,
- ішкі құжатты дайындау - 3 сағаттан артық,
- заңгерлік қорытындыны дайындау - 5 сағаттан артық,
- консультация (ауызша немесе жазбаша) - 1 сағаттан артық,
- құрылтай құжаттарының пакетін дайындау - 4 сағаттан артық,
- хаттарды дайындау - 2 сағаттан артық,
- жеке тұлғаларға қойылатын талаптарды тікелей реттейтін кез келген мәселелер (көші-қон құқығын қозғайтын мәселелер, соның ішінде Серіктес компаниясының қызметкерлері/қатысушылары бойынша, шетелдік қызметкерлерге/ қатысушыларға/ құрылтайшыларға қойылатын талаптар, УТР алу, жеке тұлғаларға жеке консультация беру және т.б.) - 5 сағаттан артық,
- талап арызды қоса алғандағы кез келген сот құжаттарын дайындау, тапсыру және бақылап отыруды қоса алғанда үдерістің барлық кезеңдеріндегі сот қызметіне қатысты - 6 сағаттан артық
- кінәрат-талаптарды дайындау - 4 сағаттан артық,
- Серіктес сұрақтарына жауап беру және түзетулер енгізу (бастапқыда белгіленген мәселе аясында) - 1 сағаттан артық, егер елеулі өзгеріс немесе толықтыру болса, мәселе жаңа болып саналады және дербес, бөлек сұрату ретінде есепке алынады,
- оларды тапсыруды, электрондық порталдағы жұмыстарды қоса алғанда, компанияның рұқсат қағаздарын алуға арналған құжаттар (хабарламалар 5 сағаттан, лицензиялар 20 сағаттан артық),
- тауар белгісін тіркеу - 12 сағаттан артық,
- тарату - 12 сағаттан артық.

«Просто Бэк-офис» ЖШС (бұдан әрі - Просто Бэк-офис) және Аутсорсингтік компанияның 01.01.2025 жылғы Қызмет көрсету тарифтерінің тізімі (бұдан әрі - Тарифтер)



Подписи ЭЦП проверены НУЦ РК
Документ подписан в сервисе idocs



19. Контрагентті тексеру қызметі – қызметке <https://adata.kz/>, <https://pk.uchet.kz/>, <https://stat.gov.kz/>, https://kgd.gov.kz және т.б. сервистерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелместен, контрагент туралы ашық ақпаратты ұсынатын тегін жеке сервистер мен мемлекеттік органдардың сайттары арқылы ақпаратты мұндай ақпараттың қысқаша сипаттамасымен алу кіреді. Тегін сервистерден ақпарат жүктеу мүмкін болмаған, ақпарат тегін сервисте болмаған және/немесе тегін сервис жұмыс істемеген жағдайда Аутсорсингтік компания ақпаратты ақылы сервистен жүктеп, кейін бұл қызмет үшін Серіктеске шотты қайта шығаруға құқылы. Ақылы сервистердің бірі: <https://kompra.kz/>. Аутсорсингтік компания ақпаратты Аутсорсингтік компанияның қарауына қарай бір немесе сол сияқты бірнеше порталдан жүктейді және мұндай порталдарда тексерілмейді, сұратуды орындау күнгі жағдай бойынша қолданыстағы ақпаратты жүктейді және жоғарыда көрсетілген сервистер мен мемлекеттік органдар берген бұл деректердің өзекті болуы, сондай-ақ олардың шындыққа сәйкестігі және толықтығы үшін жауапты болмайды.

20. **Салық салу және өзара іс-қимыл мәселелері бойынша стратегиялық сессиялар** - қаржылық жағдайын талдау, бюджетті жоспарлау, салық салынуын оңтайландыру және қаржылай қауіптерді бағалау мақсатында бухгалтер мен Серіктес компаниясының басшылығы арасында өтетін кездесілер.

21. **HR-ассистент қызметтеріне келесілер кіреді:**

- 1) HeadHunter порталында бос жұмыс орындарын жариялау, бірақ бір уақыт кезеңінде 5 бос жұмыс орнынан артық емес, сондай-ақ мұндай бос жұмыс орнына жауаптарды ең көбі аптасына үш рет ұсыну,
- 2) HeadHunter порталынан Серіктестің сұратуларына сай келетін түйіндемелер топтамасын ұсыну, аптасына екі бос жұмыс орнынан көп емес (бір бос жұмыс орны бойынша аптасына 1 топтама, 1 топтамада 20 түйіндеме)

22. АХҚО (“Астана” халықаралық қаржы орталығы) мен Astana Hub технопаркінің резиденттеріне арналған ерекше талаптар:

- 1) АХҚО (“Астана” халықаралық қаржы орталығы) аумағында тіркелген жеке компанияларға “Бухгалтер Бизнес” тарифінен төмен бухгалтерлік қызмет көрсетілмейді.
- 2) Astana Hub технопаркінің резиденттеріне “Бухгалтер Рост” тарифінен төмен бухгалтерлік қызметтерде қызмет көрсетілмейді.

22. Ағымдағы салық кезеңінде Шартты тоқтатқан/бұзған жағдайда Шарт тоқтатылған/ бұзылған күннен кейін өткізілуі тиіс барлық салық және басқа есептіліктерді Серіктес өзі өткізеді. Шарт тоқтатылғаннан/бұзылғаннан кейін Уәкілетті органнан алынған хабарламалармен Серіктес өз бетімен жұмыс істейді. Аутсорсингтік компания соңғы өткізу мерзімі (ҚР заңнамасымен белгіленген) Шарт тоқтатылған/ бұзылған күннен кейін болатын салық және басқа да есептіліктерді өткізу, уәкілетті органның хабарламасын өңдеу үшін жауапкершілік көтермейді. Талаптардың егжей-тегжейі Шартта көрсетілген.

23. Просто Бэк-офис немесе Аутсорсингтік компаниямен қарастырылған басқа жағдайларда көрсетілген мәселелер бөлек тарифтеледі. Егер Серіктес Тарифтерде көрсетілген талаптарға сай келмесе, Аутсорсингтік компания Қызмет көрсету туралы шартты жасасудан бас тартуға құқылы, ал Просто Бэк-офис бұрын жасалған шарттарды біржақты тәртіпте бұзуға құқылы.

24. Просто Бэк-офис біржақты тәртіпте қызметтер мен Тарифтердің құнын өзгертуге құқылы. Аутсорсингтік компания Серіктеске бұл туралы өзгерту күнінен кем дегенде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Сайтта ақпарат жариялау немесе Қосымшада хабарлама жіберу арқылы хабарлайды.



25. Серіктестің Тарифті төмендету жағына қарай өзгертуі (арзанырақ тарифті таңдау) тек келесі қызмет көрсетілетін айдың 01 күнінен бастап мүмкін болады, ал арттыру жағына қарай өзгертуі (қымбатырақ тарифті таңдау) Шартта көрсетілген ерекшеліктер есебімен ауыстыру туралы хабарлаған күннен бастап мүмкін болады.

26. Есеп саясаты мен Салықтық есеп саясаты Серіктеске қызмет көрсету басталған күннен бастап 3 ай ішінде ұсынылады, "Нөлдік есептілік" және "Жеңілдетілген режимдегі ЖК" тарифтеріндегі Серіктестер үшін құжаттар кез келген басқа тарифке ауысқан күннен кейін қалыптастырылады.

27. Қызметтер құны келесі құрамдастар есебімен қалыптастырылады:

1) Серіктеске келесі мөлшерде Просто Бэк-офис Қоймшасын пайдалану құқығын беру бойынша қызметтер:

- Нөлдік есептілік – тоқсанына 37 800 теңге;
- Жеңілдетілген режимдегі ЖК – тоқсанына 37 800 теңге;
- Бухгалтер Старт – айына 46 200 теңге;
- Бухгалтер Рост – айына 66 000 теңге;
- Бухгалтер Бизнес – айына 132 000 теңге;
- Команда Премиум – айына 180 000 теңге;
- Заңгер Бизнес – айына 132 000 теңге;
- Операциялық Заңгер – айына 132 000 теңге;
- “Жеке бекітілген тариф” (ЖБТ) :

ЖБТ-ға белгіленген қызметтер құнының диапазоны	Қосымшаны пайдалану құқығының құны
220 000 теңге дейін	132 000 теңге дейін
220 001 теңгеден 350 000 теңгеге дейін	175 000 теңге дейін
350 001 теңгеден 500 000 теңгеге дейін	250 000 теңге дейін
500 001 теңгеден жоғары	350 000 теңге дейін

ҚҚС есебімен, Просто Бэк-офис "Астана Хаб" халықаралық IT-стартаптар технологиялық паркінің қатысушысын тіркеу туралы куәліктің болуына байланысты 0% мөлшерлеме бойынша ҚҚС төлеушісі болып табылады;



2) бухгалтерлік есепті жүргізу бойынша қызметтер, заң қызметтерін, HR-ассистент қызметтерін, сондай-ақ Аутсорсингтік компанияның басқа да ілеспе қызметтерін көрсету:

- Нөлдік есептілік – тоқсанына 25 200 теңге;

«Просто Бэк-офис» ЖШС (бұдан әрі - Просто Бэк-офис) және Аутсорсингтік компанияның 01.01.2025 жылғы Қызмет көрсету тарифтерінің тізімі (бұдан әрі - Тарифтер)



Подписи ЭЦП проверены НУЦ РК
Документ подписан в сервисе **idocs**

- 
- 
- Жеңілдетілген режимдегі ЖК – тоқсанына 25 200 теңге;
 - Бухгалтер Старт – айына 30 800 теңге;
 - Бухгалтер Рост – айына 44 000 теңге;
 - Бухгалтер Бизнес – айына 88 000 теңге;
 - Команда Премиум – айына 120 000 теңге;
 - Заңгер Бизнес – айына 88 000 теңге;
 - Операциялық Заңгер – айына 88 000 теңге;
 - ЖБТ бойынша құны Просто Бэк-офис қосымшасын пайдалану құқығы үшін тиесілі соманы есептен шығарғаннан кейін ескеріледі.
 - негізгі тариф бойынша қосымша төлемдер, қосымша тұрақты және біржолғы қызметтер, арнайы ұсыныстар Тарифтердің мәтінінде көрсетілген бағаларға сәйкес.
Аутсорсингтік компания 12% мөлшерлеменен ҚҚС төлеушісі болса ҚҚС есебімен және Аутсорсингтік компания ҚҚС төлеушісі болмаса ҚҚС есебінсіз.

Бұл Тарифтер 2025 жылғы 01 қаңтардан бастап күшіне енеді және құны және құрамы бойынша 2025 жылғы 01 қаңтардан бастап қосылған Серіктестер үшін қолданылады. :

- *Тарифтер құны бойынша 2026 жылғы 01 қаңтардан бастап;*
- *Тарифтердің қалған бөлімдері бойынша 2025 жылғы 01 қаңтардан бастап. .*
- *Бұл ретте 01.01.2026 жылға дейін құнына қатысты өзгерістер тек АҚШ долларының бағамы елеулі түрде өзгерген және оның белгісі ҚР ҰБ бағамы бойынша 1 АҚШ доллары үшін 550 теңгеде немесе одан жоғары белгіленген жағдайда жүргізілуі мүмкін. Серіктес Тарифті ауыстырған жағдайда (көрсетілген кезең аясында), ауыстырған кезде Тариф құны 2023 жылғы 25 шілдеден бекітілген Тарифтерде белгіленген тариф кестесі бойынша жүзеге асырылады*
- *Қызмет көрсету 3 ай немесе одан да көп мерзімге тоқтатылған серіктестер үшін, сондай-ақ шартты бұзған серіктестер үшін, оларға қызмет көрсету қайта басталған жағдайда, ол ағымдағы кезеңнің тарифтері негізінде жүргізілетін болады.*

«Просто Бэк-офис» ЖШС (бұдан әрі - Просто Бэк-офис) және Аутсорсингтік компанияның 01.01.2025 жылғы Қызмет көрсету тарифтерінің тізімі (бұдан әрі - Тарифтер)



Подписи ЭЦП проверены НУЦ РК
Документ подписан в сервисе **idocs**